

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы  
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің үйірмелер тізімі 2024 - 2025 оқу жылы  
үйірмелер жұмысының есебі

Үйірме жұмыстарының тиімді өтуіне көбіне көп шеберхананың материалдық-техникалық базасы мен мұғалімнің әдіскерлік жағдайдағы сапалы даярлығы өте маңызды. Дайындықсыз өтілетін сабақтарға оқушының қызығушылығы бірінші күні-ақ төмендеп кетеді. Оқушылардың өз бетімен бос жүрісі көбейеді. Берілген жүктеме болмағандықтан, олардың түрлі әрекеттермен іс-қимыл көрсеткіштерінің сапасы болмайды. Осыдан жасалатын қорытынды және мұғалімге қойылатын басты талап жан-жақты талап.

2024-2025 оқу жылы бойынша жоғарыда аталған мектепте барлығы 14 үйірме жұмыс жасайды. Оның ішінде пәндер бойынша 7, әртүрлі үйірмелер 7. Қатысатын оқушылар саны 233.

Бірінші сынып оқушылары үшін «Көркем жазу» үйірмесі оқушылардың қызығушылығын арттырып, ой өрісін дамытады. Ал екінші сыныптар үшін «Көркем жазу», «Юный математик» өте әсерлі және пайдалы. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып қана қоймай күнделікті тіршілікке де пайдалана алатынына көзіміз жетті. Үшінші сыныптар үшін «Қызықты математика», «Логика әлемі» үйірмелерде оқушылардың сөз байлығын арттырып, сөздік қорын кеңейтеді, «Қолөнер – сырлы өнер» сонымен қатар көркем еңбекке қызығушылығын арттырады. Сол сияқты «Математика әлемінде» үйірмелері әдеби кітаптардың маңыздылығын үйретуде.

Оқушылар тек қана пәнге қатысты үйірмелермен ғана шектеліп қоймай қимыл қозғалыс үйірмелермен де айналысады. Айта кететін болсақ «Алтын ине», «Робототехника» атты үйірмелер балалардың ой қозғау және ми қабілеттерінің дамуына, сымбаттылық пен сұлулыққа тәрбиелей алатынымызға сөз жоқ.

"Домбыра үйренейік" атты үйірмелер біздің мектебіміздің мәртебесін көкке көтеріп тұрған десек болады. Оқушыларымыздың өнеріне таңдай тақпайтын адам кемде - кем деп айта аламыз. Әрқашан да өнерлері өрге жүзсін демекпіз.

Сол сияқты «Жас қозғалыс инспекторы» үйірмесіне де оқушылар белсене қатысады.

Қысқы демалыс кезінде қашықтықтан «Жаңа жылдық безендіру» өз қолымен, «Жолда жүру ережелері» атты сұрақ – жауап ойыны, «Белая Ладья», «Рисуем всей семьей» атты үйірмелер өткізілді. Балалар белсенді қатысып, үйірмелерге деген өз қызығушылықтарын арттырды.

Сонымен осы аталған үйірмелерге белсене қатысып ат салысып жатқан оқушылар біздің болашақ ұрпақтарымыз. Олардың саналы да сапалы, білімді де тәрбиелі ұрпақ болуына үлкен үлестерін қосып жатқан ұстаздардың еңбегін қалай атап кетпеске

болады. Еңбектері жанып, оқушыларымен үлкен жетістікке жете берсін деген ниетіміз бар.

Қорыта келе 2024-2025 оқу жылы үйірмелер бойынша жоспарланған жұмыстар мақсатына жетіп, келесі оқу жылына болжамдар жасалды.

Жауапты:  Галина С.Ж.